

**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
СПЕЦИАЛЬНОГО И ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**МРНТИ 14.25.19
УДК 376.37**

*М.Койишбаев,¹ Р.Бекмұрзаева,² Л.Жамансариева,³
Ж.Баймаганбетова,⁴ Ж.Исаева⁵*

¹*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Mahat75.62@mail.ru*

²*п.ғ.м., аға оқытушысы, Bekmurzaeva.71@mail.ru*

³*п.ғ.к., аға оқытушысы, Lazzat231165@list.ru*

⁴*п.ғ.к., аға оқытушысы, Erkon69@mail.ru*

⁵*ф.ғ.к., аға оқытушысы, issayeva.zhanar73@mail.ru*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан*

**ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫСҚА ДАЯРЛАУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада интегративті оқыту технологиясының болашақ мұғалімді инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа даярлаудың тиімділігіне әсері қарастырылған. Авторлар болашақ мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге дайындығын анықтауды нақтылады және болашақ мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығының компоненттерін анықтады. Зерттеудің әдіснамалық аппараты тұжырымдалып, болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының қазіргі жағдайына теориялық талдау жүргізілді. Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге болашақ мұғалімді даярлау технологиясы әзірленді, оның ғылыми-әдістемелік компоненттері, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін болашақ мұғалімдерге қойылатын талаптар анықталды.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, әсер, технология, тиімділік, дайындық, болашақ мұғалім.

*Койишбаев М.,¹ Бекмұрзаева Р.,² Жамансариева Л.,³
Баймаганбетова Ж.,⁴ Исаева Ж.⁵*

¹*к.ф.н., ассоц. профессор, Mahat75.62@mail.ru*

²*м.п.н., старший преподаватель, Bekmurzaeva.71@mail.ru*

³*к.п.н., старший преподаватель, Lazzat231165@list.ru*

⁴*к.п.н., старший преподаватель, Erkon69@mail.ru*

⁵*к.ф.н., старший преподаватель, issayeva.zhanar73@mail.ru*

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан

**ВЛИЯНИЕ ИНТЕГРАТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ
НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К РАБОТЕ
В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Аннотация

В статье рассмотрено влияние интегративной технологии обучения на эффективность подготовки будущего учителя к работе в условиях инклюзивного образования. Авторами было уточнено определение готовности будущего учителя к работе с учащимися в условиях инклюзивного

образования и выявлены компоненты готовности будущего учителя к работе в условиях инклюзивного образования. Был сформулирован методологический аппарат исследования, проводился теоретический анализ современного состояния профессиональной подготовки будущих учителей. Была разработана технология подготовки - будущего учителя к работе с учащимися в условиях инклюзивного образования, ее научно-методические компоненты, определены требования к будущим учителям, работающим в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: инклюзивное образование, влияние, технология, эффективность, подготовка, будущий учитель.

Koishibaev M.,¹ Bekmurzaeva R.,² Zhamansarieva L.,³ Baymaganbetova Zh.,⁴ Issayeva Zh.⁵

¹Candidate of Philological Sciences, ass.professor, Mahat75.62@mail.ru

²Master of pedagogical sciences, Senior Lecturer, Bekmurzaeva.71@mail.ru

³Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Lazzat231165@list.ru

⁴Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Erkon69@mail.ru

⁵Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, issayeva.zhanar73@mail.ru

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

INFLUENCE OF INTEGRATIVE LEARNING TECHNOLOGY ON THE EFFICIENCY OF PREPARING A FUTURE TEACHER TO WORK IN THE CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

The article considers the influence of integrative teaching technology on the effectiveness of preparing a future teacher for work in an inclusive education environment. The authors clarified the definition of the future teacher's readiness to work with students in the context of inclusive education and identified the components of the future teacher's readiness to work in the context of inclusive education. The methodological apparatus of the study was formulated, and a theoretical analysis of the current state of professional training of future teachers was carried out. The technology of training - the future teacher to work with students in the conditions of inclusive education, and its scientific and methodological components were developed, and the requirements for future teachers working in the conditions of inclusive education were determined.

Keywords: inclusive education, impact, technology, efficiency, training, future teacher.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда белгілі бір модельдер қалыптасып, инклюзивті білім беру жүйесін құру тәжірибесі жинақталды. Сондықтан білім беру технологияларының сапасын жетілдіру және арттыру елімізде жүргізіліп жатқан инклюзивті саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты инклюзивті білім беру сапасы БҰҰ-ның Бала құқықтары және мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияларында, Саламанка декларациясында, Дакар негіздемелік іс-қимыл тұжырымдамасында және Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілінде көзделген мәселелердің, іс-қимылдардың және бастамалардың кең ауқымын қамтитын проблема ретінде қарастырылады [1].

Білім беру саласындағы интеграциялық процестерге қарамастан, мұндай балаларды оқыту мәселесі күрделі болып қала береді. Білім берудің бұл түрі бірнеше нұсқаны қамтиды: мүмкіндігі шектеулі оқушыларға оқу орнына бару нұсқасы, үйде, қашықтан оқыту.

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді жұмысқа даярлаудың маңызды факторы жеке қасиеттерінің осы жұмыста қойылатын талаптарға сәйкестігі болып табылады.

Демек, жоғарыда аталған себептерді жою үшін мемлекет деңгейінде де, университет деңгейінде де жүйелік сипаттағы бірқатар мәселелерді шешу қажет.

Зерттеудің мақсаты: инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімді оқушылармен жұмыс істеуге даярлау моделінің тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименталды түрде тексеру.

Осылайша, қазақстандық инклюзивті білім беру жүйесіндегі барлық оң стратегияларды назарға ала отырып, оқу орындары ұйымының мәні мен құрылымы қабылданған халықаралық құқықтық құжаттардың іргелі базасы болып табылатын гуманистік қағидаттарға қайшы келетін сегрегациялық болып қала береді.

Талқылау. Ғылыми әдебиеттерді талдау, қазіргі кезеңде инклюзия бүкіл әлемдік қоғамдастықта білім беру жүйесін дамытудағы жетекші үрдіс болып табылатынын көрсетеді. Алайда, әртүрлі елдерде инклюзивті білім беру процесі нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларды ескере отырып сараланады (Малофеев Н.Н. [2], Шматко Н.Д. [3], Хафизуллина И.Н. [4], Зарецкий В.К. [5] және т. б.).

Осылайша, инклюзивті білім беру тұжырымдамасының іргелі негіздері әрбір тұлғаның физикалық жағдайына қарамастан, оның айрықша құндылығы мен бірегейлігін мойындау және олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасауға бағытталу болып табылады.

Елімізде «Білім туралы» заңында келтірілген инклюзивті білім беру ұғымының анықтамасына сүйене отырып, біз И.Г. Елисеевтің дамуындағы мүмкіндігі шектеулі жандарды ғана жалпы білімге қосу ретінде инклюзияны тар түсіну ұстанымында тұрмыз [6].


Әрине, инклюзивті оқыту процесі күрделі, әрі материалдық және интеллектуалдық тұрғыдан айтарлықтай шығындарды талап етеді.

Жоғарыда айтылғандардан физикалық дамуында ауытқулары бар балаларды өмір шындығына бейімдеу қажеттілігі, оқыту мен тәрбиелеудің басқа жолдарын іздеуге итермелейтін жеткіліксіз әлеуметтік дамудың орнын толтыру қажеттілігі жайында қорытынды жасауға болады. Бұл қажеттілік бар тәжірибені қайта қарастыруға және жаңа педагогикалық идеялар мен тәсілдерді қалыптастыруға әкелді.

Бұл қажеттілік бар тәжірибені қайта қарастыруға және жаңа педагогикалық идеялар мен тәсілдерді қалыптастыруға әкелді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде біз болашақ мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлығын, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекшеліктері туралы білім мен түсініктердің жиынтығы, инклюзивті білім беру жағдайында осы оқушылармен жұмыс істеу тәсілдері, оларды меңгеру, сондай-ақ осы қызметке тұрақты мотивацияны қамтамасыз ететін белгілі бір жеке қасиеттердің қалыптасуын анықтаймыз.

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің жұмысқа даярлығының компоненттері (1-сурет):



Сурет 1. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің жұмысқа даярлығының компоненттері

Нәтижелері. Зерттеу Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында жүргізілді. Экспериментке 148 респондент қатысты, оның ішінде бақылау тобы 72 адам, эксперименттік топ 76 адам. Бақылау тобының студенттерін оқыту дәстүрлі түрде жүзеге асырылды; эксперименттік топтың студенттерін оқыту инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімді оқушылармен жұмыс істеуге даярлаудың әзірленген технологиясы бойынша жүзеге асырылды.

Эксперименттің бақылау кезеңі зерттеу гипотезасын тексеруді қамтыды. Ол үшін инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің оқушылармен жұмыс жасаудағы интегративті технологиясының тиімділігі тексерілді. Зерттеуге қатысушылар инклюзивті білім беру жағдайында болашақ технология мұғалімдерінің жұмысқа даярлығының жоғарыда аталған компоненттерінің қалыптасуын өлшеді. Талдау деректері бойынша эксперименттің анықтаушы кезеңінде зерттеуге қатысушылардың көпшілігінде, бақылау және эксперименттік топтарда болашақ технология мұғалімдерінің компоненттерінің қалыптасуы сәйкесінше 75% және 15% төмен және орташа деңгейде екендігі анықталды.

Нәтижелер болашақ мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлығын қалыптастыруға ықпал ететін интегративті технологияның қажеттілігін көрсетеді.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің мақсаты болашақ мұғалімді инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлау үшін интегративті технологияны енгізу болды. Осыған байланысты: 1) инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеуге даярлығын қалыптастыруға барынша ықпал ететін оқыту нысандары, әдістері мен құралдары белгіленді; 2) ғылыми-әдістемелік нысан әзірленді және енгізілді.


Мотивациялық компоненттің қалыптасу деңгейін бағалау үшін А.А. Реанның модификациясында К. Замфир әдістемесі жүргізілді.

Алынған нәтижелер негізінде тұлғаның мотивациялық кешені – мотивацияның үш түрінің өзара байланысы: ішкі мотивация, сыртқы оң мотивация және сыртқы теріс мотивация анықталды.

Жоғары мотивациялық кешен – болашақ педагогикалық қызметтің мәні мен рөлін нақты түсінуден, ондағы белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылыспен сипатталады.

Оңтайлы (орташа) мотивациялық кешен мұғалімнің болашақ мамандыққа қанағаттануымен сипатталады.

Төмен мотивациялық кешен айыптау, төзбеушілік, ішкі тұрақсыздықтың басым болуымен сипатталатын түрі. Бұл нәтижелер эксперименттік топқа қатысушыларда тіркелмеген. Бақылау тобында негізінен орташа мотивациялық кешен тіркелді, сондай-ақ төмен және жоғары мотивациялық кешен айтарлықтай аз дәрежеде белгіленді (2-сурет).




Сурет 2. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдердің оқушылармен жұмыс істеуге даярлығының мотивациялық компонентін қалыптастыру

Когнитивті компоненттің деңгейін анықтау үшін болашақ мұғалімдерді оқыту процесінде тест өткізілді.

Когнитивті компоненттің төмен деңгейі білімді репродуктивті деңгейде қосуға қабілетімен сипатталады.

Когнитивті компоненттің орташа деңгейі жағдайды білімнің бір саласынан екіншісіне аудару қабілетімен сипатталады.

Когнитивті компоненттің жоғары деңгейі терминологияны мағыналы, көлемі үлкен, терең, мазмұнды, реттелген, кәсіби қызмет саласындағы құрылымдық білімді меңгерумен сипатталады (3-сурет).




Сурет 3. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдердің оқушылармен жұмыс істеуге даярлығының танымдық компонентін қалыптастыру

Эксперимент мәліметтері мен 3-сурет бойынша оқу нәтижесінде эксперименттік топтың когнитивті компонент коэффициенті бақылау тобымен салыстырғанда өскенін көруге болады. Креативті компонентті сандық бағалау үшін Н.Ф. Вишнякованың жеке тұлғаның шығармашылық бейімділігінің деңгейін анықтауға және «Мен – шынайымын» бейнесінің шығармашылық компонентін және «Мен – мінсізбін» бейнесі туралы идеяны көрсете отырып, психологиялық шығармашылық профиль құруға мүмкіндік беретін «Креативтілік» тесті өткізілді. «Мен – шынайымын» және «Мен – мінсізбін» бейнелерін салыстыру тұлғаның шығармашылық резерві мен әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді (4-сурет). «Креативтілік» тесті келесі сипаттамаларды қамтиды: шығармашылық ойлау, қызығушылық, өзіндік ерекшелік, қиял, түйсік, эмоционалдылық, әзіл сезімі, мамандыққа шығармашылық көзқарас.

Жүргізілген зерттеу және бақылау кезеңінің нәтижелерін өңдеу бойынша эксперименттік топтың креативті компонентінің оң динамикасы туралы қорытынды жасауға болады (4-сурет).

1-кестеде болашақ технология мұғалімдерінің бақылау және эксперименттік топтағы инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлығын анықтайтын компоненттердің пайыздық көрсеткіштері көрсетілген.



Сурет 4. Болашақ мұғалімдердің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмысқа даярлығының шығармашылық компонентін қалыптастыру

1-кесте. Болашақ технология мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлығының қалыптасу деңгейлері

Болашақ мұғалімнің даярлық компонентінің диагностикасы	1 деңгей, төмен, %		2 деңгей, орташа, %		3 деңгей, орташадан жоғары, %		4 деңгей, жоғары, %	
	Б.т.	Э.т.	Б.т.	Э.т.	Б.т.	Э.т.	Б.т.	Э.т.
Мотивациялық компонент	30	-	40	10	20	20	10	70
Когнитивті компонент	25	-	65	20	5	30	5	50
Креативті компонент	30	-	30	20	30	40	10	40

Эксперимент нәтижелері эксперименттік топтағы студенттердің көпшілігінде оқуды аяқтаған кезде болашақ мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылармен жұмыс істеуге даярлығының компоненттері үшінші және төртінші деңгейлерде, сәйкесінше 75% және 20% қалыптасқанын, ал бақылау тобында көпшілігі екінші және үшінші деңгейлерде, сәйкесінше 20% және 65% студент екенін көрсетті.

Осылайша, эксперимент нәтижелері зерттеу гипотезасын растайды және интегративті оқыту технологиясының болашақ мұғалімді инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа даярлаудың тиімділігіне әсерін көрсетеді.

Қорытынды

Теориялық талдау негізінде жалпы білім берудің бір бөлігі ретінде анықталатын инклюзивті білім берудің мәні анықталды. Бұл барлық балалардың түрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ететін білім берудің қол жетімділігін білдіреді. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімді оқушылармен жұмыс істеуге даярлаудың интегративті оқыту технологиясы жоғары тиімділікті көрсетті. Болашақ мұғалімді инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа даярлаудың тиімділігіне оқытудың интегративті технологиясын сынақтан өткізу нәтижесінде алынған тәжірибесін ЖОО оқытушылары студенттермен сабақ өткізу кезінде пайдалана алады. Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесіне, атап айтқанда инклюзивті білім беру жағдайында

болашақ мұғалімді оқушылармен жұмыс істеуге даярлау теориясы мен әдістемесіне белгілі бір үлес қосу болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
2. Малофеев, Н.Н. Специальное образование в России и за рубежом: в 2-х ч. – М.: Печатный двор, 1996. Ч. – 1. Западная Европа. – 182 с.
3. Шматко, Н.Д. Совместное воспитание и обучение детей с ограниченными возможностями здоровья и нормально развивающихся дошкольников // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2010. – № 5. – С.42-49.
4. Хафизуллина, И.Н. Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки: Автореф. дис. канд. пед. наук. – Астрахань, 2008.
5. Зарецкий, В.К. Десять конференций по проблемам развития особенных детей – десять шагов от инновации к норме // Психологическая наука и образование. – 2005. – № 1. – С. 83-95
6. Елисеева, И.Г. О практической реализации инклюзивного образования в Казахстане // «Открытая школа». – 2014. - № 1(132). – С.57-68.

УДК 376.112.4
МРНТИ 14.23.01

Баймуратова А.¹

*¹к.п.н., старший методист отдела методологии и методического обеспечения
специального и инклюзивного образования ННПЦ РСИО
baimurat_alua@mail.ru*

**ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ОЦЕНКИ УСВОЕНИЯ ДОШКОЛЬНОЙ
ПРОГРАММЫ ДЕТЬМИ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ
В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ**

Аннотация

Статья актуализирует проблему освоения типовой программы дошкольного воспитания и обучения детьми с ограниченными возможностями, интегрированными в дошкольные организации образования. В ней представлен краткий анализ ключевых аспектов педагогической диагностики и оценки особых образовательных потребностей детей с ограниченными возможностями дошкольного возраста. Автор отмечает, что существующий мониторинг усвоения содержания типовой программы дошкольного воспитания и обучения недостаточно ориентирован на потребности детей с ограниченными возможностями, включенных в общее образовательное пространство с нормотипичными детьми. В связи с этим в статье представлены и описаны инструменты оценки особых образовательных потребностей этой группы детей в процессе освоения программы в дошкольной организации образования.

Для экспериментальной проверки разработанных инструментов было проведено пилотное исследование в КГУ «Санаторный ясли-сад №21» г.Алматы. Статья подробно описывает этот процесс, включая шаги и методологические подходы, применяемые участниками эксперимента. Особое внимание уделяется активизации взаимодействия между дошкольными педагогами (воспитателями, учителем казахского языка, музыкальным руководителем, инструктором по физической культуре), реализующими программу дошкольного воспитания и обучения, и специалистами психолого-педагогического сопровождения. В статье демонстрируется, как сотрудничество между педагогами и специалистами способствует успешной адаптации воспитательно-образовательного процесса для детей с ограниченными возможностями, создавая условия для их полноценного развития в инклюзивной образовательной среде.

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, дошкольный возраст, оценка особых образовательных потребностей, инструменты, психолого-педагогическое сопровождение, освоение программы дошкольного воспитания и обучения.